Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы
балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі
ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдарға
1-қосымша

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Тақырыбы	Мазмұны
1-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ		
ҚАЗАН	**Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...** **Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі**	1. 1-курс білім алушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері
ЖЕЛТОҚСАН	**Көркем мінез – баға жетпес байлық** **Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі**	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер
НАУРЫЗ	**Сен жанбасаң лапылдап...** **Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?**	1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. *Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.* Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жасөспірімнің болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойыңдағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі

МАМЫР	**Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы** **Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары**	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. *Сыныктан өзгенің бәрі жұғады*. Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі
2-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ		
ҚАЗАН	**Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...** **Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушылырының қауіпсіздігі**	1. 2-курс білім алушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жасөспірімдердің ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жасөспірімдердің әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 1. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті
ЖЕЛТОҚСАН	**Күйзелістен шығар жол** **Күйзелісті жеңуге көмектесеміз**	2. *Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.* Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 3. Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы 4. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 5. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 1. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті
НАУРЫЗ	**Сүйіспеншілік – сыйластық кілті** **Махаббат татулықтың негізі**	2. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 3. *«Айналайын»* ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 4. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 1. Жасөспірімдердің «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады